



Білім беру бағдарламасының паспорты

***7M01501 – Математика мұғалімдерін даярлау**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Заманауи ақпараттық технологияларға, теориялық математикалық модельдерді құру әдістеріне және оларды математикалық формализациялау мен шешімдерге ие, ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін ұлттық немесе халықаралық деңгейдегі басылымдарда рәсімдейтін және іргелі, сапалы, кәсіби және педагогикалық біліммен қамтамасыз етілген білімді мамандарды даярлау, ғылымды табысты дамытуға мүмкіндік беретін математика саласындағы арнайы білім.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- Білім беру және тәрбиелеу;
- Ғылыми қызмет;
- Білім беруге байланысты мемлекеттік реттеу.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН 1 – математиканың негізгі салаларынан алынған негізгі ұғымдарды, негізгі теоремаларды және олардың дәлелдерін, негізгі формулаларын және теориялық негіздерін қолданады, педагогикалық қызметте магистратурада оқу барысында алынған білімдер мен дағдыларды пайдаланады, атап айтқанда, педагогикалық өлшеулер, математикалық білім берудің даму тенденциялары, нормативтік құқықтық актілер және электрондық құжаттама негіздері;

ОН 2 – пәнаралық байланыстарда математикалық теориялар, әдістер мен мысалдарды үйлестіре отырып фундаменталды математикалық теорияны тиімді пайдалану әдістерін қолданады;

ОН 3 – әр түрлі қолданбалы есептерді шешу үшін математикалық модельдерді қолданудың маңыздылығын; сандық және сапалық талдауда статистикалық мәліметтерді графикалық ұсынудың рөлін математиканың академиялық тілінде түсіндіреді;

ОН 4 – зерттеу тақырыптары бойынша отандық және шетелдік тәжірибені зерттей отырып, ғылыми-техникалық ақпаратты талдайды;

ОН 5 – мектеп оқушылары мен студенттердің оқу, зерттеу қызметін ұйымдастырудағы математиктердің озық тәжірибесін меңгереді;

ОН 6 – ең жаңа технологиялардың, идеялардың, бағыттардың кең ауқымына бағдар береді және оларды өзінің оқытушылық қызметінде қолдануға дайын болады;

ОН 7 – математика ғылымының жекелеген мәселелерін оқыту әдістемесінде қолданады;

ОН 8 – ақпаратты және осы ақпаратты алу көздерін дербес, тиімді, жауапкершілікпен, сыни тұрғыдан, рефлексивті түрде таңдап, оқыту әдістерінде қолдануды дамытады;

ОН 9 – практикалық есептерді шешуге арналған математикалық білімдерін, математикалық есептерді шешудің алгоритмдерін, математикалық терминологияны, сәйкес контексте, әр түрлі қолданбалы есептерді шешудің математикалық модельдерін, математикалық есептерді шығарудың технологиясы мен бағдарламалық жасақтамасын көрсетеді;

ОН 10 - оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалық қызметіне байланысты математикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырады, жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру үдерісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады.